

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне арналған
«Менің елімнің көшбасшысы» республикалық интернет-байқауын
қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне арналған «Менің елімнің көшбасшысы» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі – Байқау) қашықтықтан өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – балалардың қазақстандық патриотизмі мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру, талантты балаларды анықтауға және қолдауға жағдай жасау.

Міндеттері:

1) балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;

2) өз елінің жетістіктері мен табыстарын құрметтейтін және бағалайтын «Қазақстанның патриот азаматы» бейнесін көпшілікке тарату;

3) дарынды балаларды анықтау және оларға қолдау көрсету.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 1 қазан - 30 қараша** аралығында балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары **2015 жылғы 27 қарашаға** дейін **rumcdo.konkurs@mail.ru** электронды поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172) 249306. Көркем-эстетикалық бағыттағы бөлім жетекшісі - Асавбаева Рауза Байдрахманқызы.

7. **2015 жылғы 27 қарашадан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға түскен материалдар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін **1000 (бір мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Код назначения платежа: 859

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: **«Менің елімнің көшбасшысы»** байқауы. Байқауға қатысушысының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, **rumcdo.konkurs@mail.ru** электронды пошта арқылы жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2015 жылғы 30 қарашада www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар

11. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 8-17 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

8-11 жастағы кіші жас санаты;

12-14 жастағы орта жас санаты;

15-17 жастағы жоғарғы жас санаты.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Менің елімнің көшбасшысы» («Лидер, создавший страну») номинациясы бойынша байқауға қатысушылар қазақ немесе орыс тілдерінде өлең жанрындағы «арнау» туынды ұсынады.

2) «Өз елімнің өркендеуі үшін мен не істер едім?» («Что бы я сделал для процветания своей страны?»). номинациясы бойынша қазақ және орыс тілдерінде эссе ұсынады.

13. Ресімдеуге қойылатын талаптар:

Жұмыс Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный). Жұмыс көлемі - А-4 форматында 1 беттен аспауы тиіс (титул парағын есепке алмағанда). Басты бет келесі ақпаратты қамтуы қажет: шығарманың немесе өлең туындысының, мақаланың, басылымның, очерктің, әңгіменің аталуы, қатысушының аты-жөні, жас мөлшері, e-mail, жетекшінің толық аты-жөні, білім беру ұйымының толық аталуы, облыс, қала, аудан, ауыл.

14. Байқауды бағалау өлшемдері:

- байқаудың мақсаты мен номинациясына сәйкес болуы;

- тақырыптың толық ашылуы;

- нақты материалды білу, жеке ой, көзқарас, көріністі мазмұндау;

- байқау жұмысын сауатты және эстетикалық түрде ресімдеу;

- авторлық идеяның түпнұсқалығы мен жаңашылдығы.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

15. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаз білім алушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқаларын жүктеп алу мүмкіндігімен <http://www.ziyatker.org/#!-c10hg> сайтында орналастырылады.